ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 13 тамыз аралығындағы кезеңді қамтитын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың алдын ала қорытындыларын талқылау бойынша жиналысының

ХАТТАМАСЫ №3

Ленгер қаласы **06 тамыз 2025 жыл.**

Төрағасы: У.О.Анаркулова- Басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары.
Хатшылықта: Досболова Анар Өмірзаққызы – мамандар бөлімінің инспекторы.

Шақырылған контингент:
«Аманат» партиясының жауапты қызметкері Кубеев Садық Тайманович
2025 жылғы 23 маусымдағы №80-н/қ бұйрығымен бекітілген жұмыс тобының мүшелері.
Сағат 11:00 Емқана ғимаратының мәжіліс залы.
Қатысқан қызметкерлер саны: 12 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 13 тамыз аралығындағы кезеңді қамтитын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың алдын ала қорытындыларын талқылау.

Төрағалық етуші У.О.Анаркулова жиналысты ашық деп жариялап, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 13 тамыз аралығындағы кезеңді қамтитын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың алдын ала қорытындыларын талқылау бойынша заңгер А.О.Суттибаевқа сөз берді.

Заңгер А.О.Суттибаев: Ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2025 жылдың 02 шілде - 13 тамыз айы аралары.
Ішкі талдау жүргізілетін кезең: 2025 жылдың шілде - 2025 жылдың тамыз аралығы.

1. ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормаларды анықтау:

2. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы:

ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның штат саны 390 болып бекітілген. Қазіргі таңда 390 қызметші қызмет атқарады. Нақты айтқанда 77 дәрігер, 238 – орта буын, 26 – кіші буын, 46- басқалар жумыс жасайды.

Жұмысқа қабылданған, шығарылған, көтермеленген, төмендетілген, ауыстырылған қызметкерлер:

2023 жылы – 73 адам қабылданды;

2024 жылы 51 адам қабылданған;

2025 жылы 6 айында 18 адам қабылданған.

Барлық қызметкерлер біліктілік талаптарына сай қызмет атқарады.

Денсаулық сақтау қызметкерлерін жұмысқа алу (оның ішінде жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары орта буынды медициналық қызметкерлер) адал, әділ және ашық негізде **https://www.enbek.kz/ru** порталына хабарландыру ілу арқылы жүзеге асырылады;

2024 жылдың қаңтар айынан бастап қазіргі таңда **Jumys SmartNation** порталы арқылы қызметкерлерді жұмысқа қабылдау жұмыстарын жүргізілуде.

Персоналды басқару бойынша жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату кезіндегі бұйрықтардан анықталған кемшіліктер; Жұмысшыларды қабылдау кезінде және еңбек шартын бұзу кезінде бұйрықпен таныстырылмаған, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің бабының тармақшалары дұрыс көрсетілмеген.

Жұмыскерлерге тәртіптік жаза қолдану кезінде тәртіптік жаза атауы дұрыс қойылмаған және бір тәртіптік жаза бірнеше жұмысшыға бір бұйрықпен шығарылған. Техникалық қызметкерлерге еңбек демалысына шыққанда сауықтырылуға арналған төлем ақы көрсетілмеген.

1. Мүдделер қақтығысын реттеу;

ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-да анасы - баласы, күйеуі - әйелі, інісі - сыңары - апалы – сіңілі секілді 17 жұмысшы жұмыс атқарады алайда бұл жұмысшылардық ешбірі басшылық қызмет атқармайтындығы және қызмет барысында жұмысқа қабылдау немесе қандай да бір бұйрықтар шығару лауазымдық нұсқаулықтарына кірмейтіндігі анықталды.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 4 қарашада № 21579 болып тіркелген «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-да еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамалар ("Медициналық анықтама (шетелге шығушыға)" № 072/е нысаны, "Көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы медициналық анықтама" № 073/е нысаны, "Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультативтік қорытынды)" № 075/е нысаны, "Азаматтық және қызметтік қару, азаматтық пиротехникалық заттардың айналымы салаларындағы рұқсаттар алу үшін медициналық қарап-тексеру қорытындысы" № 076/е нысаны) беру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алуы мүмкін деген шешім қабылдадық. Сонымен қатар бұл құжаттарға жауапты басшының орынбасары мен жауапты медбике 3 жылдан ұзақ уақыт жұмыс жүргізіп орындары ауыспағаны анықталды.

Қортынды:

Түркістан облысы денсаулық сақтаубасқармасының«Ленгір қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК

1. Мекеме бұйрықтарында негіздемелер көрсетілмеген

3. Мекемеде жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату кезіндегі бұйрықтармен таныстырылмаған.

4. Техникалық қызметкерлерге еңбек демалысына шыққанда сауықтырылуға арналған төлем ақы көрсетілмеген.

Ұсыныс:

1. Персоналды басқару бойынша жұмысқа қабылдау және еңбек шартын бұзу сонымен қатар тәртіптік жаза қолдану бойынша бұйрықтармен таныстыру және шығарылған бұйрықтарға Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің бабының нақты тармақшалары көрсетіліп дұрыс жұмыс жүргізілуді қадағалау мамандар бөлімінің басшысы А.О.Суттибаевқа жүктелсін;
2. Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамалар беру қызметін цифрлық құжаттар сервисі - операторға бекітілген және мемлекеттік функцияларды және олардан туындайтын көрсетілген мемлекеттік қызметтерді іске асыру мақсатында, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау, электрондық нысанда қызметтер алу және көрсету кезінде электрондық құжаттарды жасауға, сақтауға және пайдалануға арналған "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы арқылы жүзеге асыру. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында жоғарыда

аталған анықтамаларға жауапты басшының орынбасары мен жауапты медбикені ротациялау жұмыстарын жүргізу.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуды насихаттау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін алғышарттар туғызатын үйлеспеушіліктерді, олқылықтарды, қайшылықтарды жою тұрғысынан заңнаманы талдау бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізілсін.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы У.О.Анаркулова жиналысты қортындылады.

Жиналыс төрағасы: **У.О.Анаркулова**

Хатшы: **А.Ө.Досболова**